ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

1-тапсырма. «Мұражайда» тақырыбына монолог құраңыз (кемінде 15 сөйлемнен аз болмау керек).

Лексика-грамматикалық жаттығу жұмыстары:

1-жаттығу. Барыс септігінің жалғауын жалғаңыз, орыс тіліне аударыңыз.

Үлгі: *терезе – терезеге «к окну».*

Кітап, ауыл, қала, Оспан, дәрісхана, сүт, көл, пәтер, жұмыс, әуежай, балабақша, дүкен, сынып, теңіз, мұхит, аудан, облыс, Астана, қонақ, сабақ, жиналыс, емтихан, конференция, сынақ, жаға, университет, Қазақстан, жолдас.

2-жаттығу. Мына сөйлемдерді аударыңыз, ондағы септеуліктерді ажыратыңыз.

1. Мен үшін бұл өте қымбат сыйлық. **2**. Әр апта сайын мен ауылға барамын. **3**. Сені уйге дейін шығарып саламын. **4**. Сабақтан кейін кітапханаға барамыз. **5**. Өзім туралы әңгіме жаздым. **6**. Біздің үй сауда орталығынан кейін орналасқан. **7**. Біз өзен бойымен серуендедік. **8**. Мен өскенде әкем сияқты ұшқыш боламын. **9**. Қонаққа жолдасыммен бірге барамын. **10**. Мұғалім театрда бізбен қатар отырды.

3-жаттығу. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: *Мен* ***сабақтан соң*** *мұражайға барамын.*

Отан туралы, көлдерге қарай, туған жер сияқты, Астанаға дейін, шетелден гөрі, тәуелсіздікке дейін, халықтармен бірге, сенен бұрын, интернет арқылы, ел үшін, жүзге жуық, жыл бойы, он шақты, ұстаздармен қатар, жиналыстан кейін, үйленгеннен кейін, кешке таман, апта сайын, ғалым сияқты.